«Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау» тақырыбындағы «6D030100 - Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тасыбаева Сауле Кенесбаевнаның диссертациясына берілген ресми пікір білдіруші

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті тарих және құқық факультеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Белхожаева Динара Жомартовна

СЫН-ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғауға бағытталған және әлеуметтік саясат пен еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарына сәйкес орындалған. «Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау» тақырыбындағы зерттеу әлеуметтік ғылымдар мен құқық саласындағы зерттеулерді дамытуға, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге, әділ сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек дауларын шешудің құқықтық механизмдерін ғылыми тұрғыдан бағалауға бағытталған. Жұмыс ҚР Президентінің Жолдаулары мен тұжырымдамаларына, сондай-ақ «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы №21 бұйрығына негізделіп дайындалған.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес **қосады**/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Зерттеудің маңыздылығы еңбек құқығы, азаматтық іс жүргізу, әлеуметтік саясат салаларындағы өзекті ғылыми мәселелерді, сонымен қатар азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау мәселелерін кешенді түрде қарастыру арқылы ғылымға елеулі үлес қосуында көрініс табады.

Scanned with CamScanner

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмысты ресімдеудің ұлттық талаптарына сәйкес орындалған. Жұмыстың құрылымы, мазмұны және стилі академиялық стандарттарға сай, ғылыми деңгейде ұсынылған. Стилистикалық және грамматикалық нормалар сақталған, жазу тілі анық, автордың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары дәлелді және зерттеу мақсаттарына сәйкес қалыптастырылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс жаңа ғылыми негізделген нәтижелерді қамтитын жетілдірілген зерттеу, алынған нәтижелердің негізділігі мен объективтілігі туралы күмән туындамайды. Зерттеудің ғылыми негіздемесі ұлттық заңнаманы алғашқы кешенді түрде қарастыратын еңбек болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны жоспармен үйлесімді, зерттеу тақырыбын нақты айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді, зерттеудің негізгі бағыттары мен нәтижелерін айқындайды. Мақсаты тақырыптағы мәселені шешу жолдарын көрсетумен, ал міндеттері осы мақсатқа жету үшін қажетті қадамдарды сипаттаумен айқындалған, бұл сәйкестік жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жүйеге сүйеніп, мақсатқа сай кезектілікпен баяндалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді түрде негізделіп, ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ, олар белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Бұл сыни талдау зерттеудің

Scanned with CamScanner

		1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	ғылыми сапасын арттырып, авторлық ұсыныстардың тиімділігін, жаңашылдығын және практикалық маңыздылығын айқындайды.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңа, автор азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау тетіктерінің мәні мен соттық қорғаудың нақты рөлін жан-жақты талдауға басымдық береді. Осы тәсіл зерттеу объектісіне қатысты теориялық көзқарастарды практикалық мәселелермен үйлестіруге және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.
		5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Диссертацияның тұжырымдары жаңашыл сипатқа ие. Еңбек заңнамасында бұрын анықталмаған «жеке еңбек дауы», «ұжымдық еңбек дауы» және «қызметтік еңбек дауы» ұғымдарына авторлық ғылыми дәлелденген анықтамалары, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 160-бабының 1), 2) тармағындағы «басқа еңбек даулары бойынша келісу комиссиясына және сотқа жүгіну мерзімдерінің сатыларын бөліп қарастыру» тәсілі ұсынылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6	Тұжырымдардың негізділігі	Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге **негізделген** / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін).	Автор ұсынған барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдерге негізделген. Зерттеу нәтижелері шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда, оның ішінде Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналда, комитет ұсынған басылымдарда және халықаралық конференция материалдарында жарияланған.

Scanned with CamScanner

7	Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? **1) дәлелденген;** 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) Иә; **2) жоқ** 7.3 Жаңа ма? **1) иә;** 2) жоқ 7.4 Қолданылу деңгейі; 1) тар; 2) орташа; **3) кең.** 7.4 Мақалада дәлелденген бе? **1) Иә** 2) жоқ	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: 1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 160-бабының 1), 2) тармағында көзделген «басқа еңбек даулары бойынша келісу комиссиясына және сотқа жүгіну мерзімдерінің сатыларын бөліп қарастыру» мәселесі зерттеліп, авторлық көзқарас дәлелденген. Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның аталған бағытын дамытуға елеулі үлес қосады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? Иә, дәлелденген, себебі азаматтардың еңбек құқықтарына қатысты өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа, диссертант сотқа жүгіну мерзімдерінің сатыларын тұтастай кеңінен талдап көрсеткен. 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: С.К. Тасыбаева., Р.Н. Тасыбаев. Қазақстан Республикасында азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды конституциялық-құқықтық негіздері // Материалы международной научно-практической онлайн - конференции на тему: «Государственная независимость Республики Разахстан: истоки, современное состояние, вызовы», посвящённой 30-летию государственной независимости Республики Казахстан 11 ноября 2021 г. - С. 369-377.
			2. Еңбек заңнамасындағы жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейтуге қатысты ғылыми негізделген тұжырым ұсынылды. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?

Scanned with CamScanner

			1) иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: С.К. Тасыбаева., А.А. Амангелді. Жеке еңбек дауларын қарастырудың тәртібі // Вестник Института Законодательства и правовой информации РК. - 2024. - №1 (76). – Б. 130-141. 3. Азаматтардың еңбек құқықтарына қатысты заңнама теориялық тұрғыдан жүйеленіп, еңбек қатынастары саласындағы Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін реформалау үдерісінің кезеңдік жіктемесі ұсынылды. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 2) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген: С.К. Тасыбаева., Р.Н. Тасыбаев. Сотпен қорғау – азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нысаны ретінде // Материалы международной научно-практической онлайн конференции на тему: «Наследие Д.А.Кунаева в развитии Республики Казахстан как демократического, правового, социального государства», посвященная 110- летию со дня рождения Динмухамеда Ахмедовича Кунаева, 11 февраля 2022 г. – С. 256-262.
			4. Зерттеу барысында келісу комиссиясында жеке еңбек дауларын қараудың ғылыми негізделген критерийлері айқындалып, жеке еңбек дауларын қарау мерзімдерінің құқықтық ерекшеліктері талданып, еңбек даулары бойынша сот

Scanned with CamScanner

			жүйесін жетілдіруге бағытталған тұжырым ұсынылды. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. С.К. Тасыбаева. Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастар жағдайында жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғаудың кейбір құқықтық мәселелері // ISSN 2218-2098. Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Академиясының ғылыми еңбектері. – 2021. - №2 (96). –22-30 беттер.
			5. Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау және олардың сотқа жүгіну құқығы, «азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау», «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы», «қызметтік дау» ұғымдарына авторлық ғылыми негізделген анықтама берілді. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: С.К. Тасыбаева. «Current issues of resolving individual labor disputes» // ISSN 1563-0366, eISSN 2617-8362. https://bulletin-law.kaznu.kz. Заң сериясы. №2 (102). 2022 –80-86 р.

Scanned with CamScanner

			6. Еңбек дауларын сотпен қараудағы шет мемлекеттердің озық тәжірибесі талданып, оны ұлттық құқық қолдану практикасына бейімдеу арқылы еңбек құқықтарын соттық қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған тұжырым ұсынылды. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: S. Tassybayeva., K. Adilova., Zh. Omirali., B. Ilyassova., K. Aitkhozhin. Labor disputes in international practice: Examples from Poland, Germany, and the USA. - P. 231-259. DOI: 10.52028/rbadr.v7.i13.ART12.KUN.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау - негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: **1) Иә;** 2) жоқ	Диссертацияда автор қажетті теориялық және құқықтық алғышарттарды пайдаланды. Зерттеуде формальды-логикалық, тарихи, жүйелік, эмпирикалық, құрылымдық талдау, құқықтық нормаларды қолдануды бағалау, сондай-ақ статистикалық, салыстырмалы және әлеуметтік зерттеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер еңбек құқықтарын қорғаудың соттық механизмдерін кешенді зерттеуге және тиімді ұсынымдар ұсынуға мүмкіндік береді.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: **1) Иә;** 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістеме тақырыптың өзектілігі мен мақсатына сәйкес таңдалған және ғылыми тұрғыдан негізделген. Ол азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау мәселелерін кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner

		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді); 1) **Иә;** 2) жоқ	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар мұқият дәлелденіп, эксперименттік зерттеулер арқылы расталады. Алынған нәтижелер қорытындылардың сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен статистикалық деректерге сілтемелер арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін **жеткілікті** / жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жүргізу үшін жеткілікті және ол 182 ғылыми еңбекті қамтиды.
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ,	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы еңбек құқығы мен сот практикасы саласындағы ғылыми олқылықтарды толықтыруға бағытталады. Зерттеу Қазақстан Республикасындағы еңбек құқықтарын қорғау институтының, оның ішінде сот арқылы қорғау тетіктерінің теориялық негіздерін кешенді талдауға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: **1) Иә;** 2) жоқ,	Диссертацияда ұсынылған азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғауды құқықтық реттеу жөніндегі тұжырымдамалар мен ұсыныстар заң шығармашылық қызметінде, оның ішінде нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың жобаларын әзірлеу барысында пайдалануға болады.
		9.3 Тұжырымдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа);	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары құқық қолдану тәжірибесі үшін жаңашыл сипатқа ие. Алынған қорытындылар мен ұсыныстар тиісті құқық саласы бойынша алғаш рет негізделген ғылыми нәтижелер болып табылады.

Scanned with CamScanner

		3) жаңа емес (25% -дан азы жаңа)	
10	Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы **1)<u>жоғары;</u>** 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейдегі академиялық жазу сапасымен ерекшеленеді. Бұл тараулар арасындағы логикалық сабақтастықпен, пікірлердің дәлелді деректермен негізделуімен, мазмұнның толықтығы мен нақтылығымен айқындалады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысты рәсімдеу барысында жекелеген ескертулер анықталды. Атап айтқанда, автор ұсынған «азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау», «жеке еңбек дауы», «ұжымдық еңбек дауы», «қызметтік дау» ұғымдарына берілген авторлық анықтамалар декларативті сипатта. Аталған анықтамалар практикалық мазмұнмен толықтырылған жағдайда зерттеудің қолданбалы маңызы артар еді. Сонымен қатар, ҚР Еңбек кодексінің 160-бабына ұсынылған редакциялардың еңбек қатынастары тәжірибесінде қандай нақты мәселелерді шешуге бағытталғаны практикалық мысалдар арқылы негізделсе, жұмыстың мазмұны тереңдей түсер еді. Жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейтуге қатысты ұсыныстар қосымша терең ғылыми талдауды талап етеді, өйткені қолданыстағы еңбек заңнамасы бастапқыда жұмыскердің мүддесін қорғауға бағытталған және қазіргі уақытта жұмыскердің жұмыс берушімен салыстырғанда заңнамада бекітілген артықшылықтары жеткілікті. Бұл ретте негізгі мәселе – аталған құқықтық тетіктерді тиімді әрі орынды қолдану болып табылады. Дегенмен, көрсетілген ескертулер ұсынушылық сипатта екендігін және олар диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу сапасына, мазмұны мен ғылыми құндылығына теріс әсер етпейтіндігін атап өткен жөн. Жалпы алғанда, жұмыс оң бағаланады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ зерттеудің жекелеген нәтижелері шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған 6 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Атап айтқанда, нәтижелер Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық рецензияланатын

Scanned with CamScanner

	қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		журналда, комитет ұсынған ғылыми басылымдарда және халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрген. Жарияланған мақалалар зерттеу тақырыбын терең әрі жан-жақты қамтитын, жоғары ғылыми деңгейде орындалған еңбектер болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау» тақырыбында «6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тасыбаева Сауле Кенесбаевнаның диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеулерге қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және практикалық тұрғыдан негізделген, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің талаптарына толықтай сай, Тасыбаева Сауле Кенесбаевнаның диссертациялық жұмысы «6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми пікір білдіруші:
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Тарих және құқық факультеті
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы,
философия докторы (PhD)

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ * НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»
САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ **Д.Ж. Белхожаева**

Scanned with CamScanner